

"Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік
корпорациясы" КеАҚ Жетісу облысы бойынша
филиалының Талдықорған қалалық
Тіркеу және жер кадастры бөлімі

ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР

20 26 ж. 20 шілде ТІРКЕЛДІ

БСН 000740002404

Тіркеу № 1134-1920-01-140-17

Бастапқы тіркелген күні

20 ____ ж. « ____ »

БЕКІТІЛДІ

Талдықорған қаласы

әкімдігінің

2026 жылғы 25 маусымдағы

№ 662 қаулысымен

ЖАРҒЫ

«Талдықорған қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің «Талдықорғанжылусервис» шаруашылық жүргізу
құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны

Талдықорған қаласы

2026 жыл.

ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНЫҢ
ӘКІМДІГІ



АКИМАТ
ГОРОДА ТАЛДЫКОРГАН

ҚАУЛЫ

2026 жыл 25 маусым

Талдықорған қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 662

город Талдықорған

«Талдықорған қаласының тұрғын
үй-коммуналдық шаруашылық
бөлімі» мемлекеттік мекемесінің
«Талдықорғанжылусервис»
шаруашылық жүргізу
құқығындағы коммуналдық
мемлекеттік кәсіпорнының
Жарғысын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің 42-бабына және «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабына, «Мемлекеттік орган болып табылатын мемлекеттік мекемені қоспағанда, мемлекеттік мекеменің үлгі жарғысын (жалпы ережесін) және Мемлекеттік кәсіпорынның үлгі жарғысын бекіту туралы» азақстан Республикасы Әділет министрінің 2017 жылғы 28 қыркүйектегі №1202 бұйрығына сәйкес қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Талдықорған қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Талдықорғанжылусервис» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының жарғысы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда бекітілсін.

2. «Талдықорған қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Талдықорғанжылусервис» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны (А.М.Жағыпаров) кәсіпорынның Жарғысына енгізілген өзгерістер туралы әділет органдарын заңда белгіленген тәртіппен хабардар етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Қ.Б.Сейтимбетовке жүктелсін.

Қала әкімі



Е.Бәзіл

3

Талдықорған қаласы әкімдігінің
2026 жылғы «15» маусым
«Талдықорған қаласының тұрғын үй-
коммуналдық шаруашылық бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің
«Талдықорғанжылусервис»
шаруашылық жүргізу құқығындағы
коммуналдық мемлекеттік
кәсіпорнының Жарғысын бекіту
туралы» № 662 қаулысына
Қосымша

**«Талдықорған қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық
бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Талдықорғанжылусервис» шаруашылық
жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының
Жарғысы**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. «Талдықорған қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Талдықорғанжылусервис» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.
2. Кәсіпорын 2000 жылғы «20» маусымдағы №294 Талдықорған қаласы әкімінің шешіміне сәйкес құрылды.
3. Кәсіпорынның құрылтайшысы Талдықорған қаласы әкімдігі.
4. Кәсіпорынның мүлкіне қатысты субъектінің құқығын мемлекеттік коммуналдық меншік құқығын Талдықорған қаласы әкімдігі жүзеге асырады.
5. Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган - «Талдықорған қаласының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық бөлімі» мемлекеттік мекемесі болып табылады.
6. Кәсіпорынның атауы: «Талдықорған қаласының тұрғын үй - коммуналдық шаруашылық бөлімі» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Талдықорғанжылусервис» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны, (қысқартылып айтқанда ТҮКШБ ММ-і ШЖҚ «Талдықорғанжылусервис» КМК-ы);
7. Кәсіпорынның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Жетісу облысы, Талдықорған қаласы, Желтоқсан көшесі, № 275, индекс 040000.

2-тарау. Мемлекеттік кәсіпорынның заңдық мәртебесі

8. Кәсіпорынның заңнамаға сәйкес дербес теңгерімі, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және Кәсіпорынның атауы бар бланкілері, мөрі болады.
9. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Кәсіпорын заңды тұлғаларды құра алмайды, сондай-ақ басқа заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

4

2) Кәсіпорынның Жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді немесе жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, коммуналдық мүлікке билік етуге уәкілетті атқарушы органға өкілеттік береді;

3) Коммуналдық мүлікті Кәсіпорынға бекітеді;

4) Кәсіпорынның филиалдар мен өкілдіктер құруына келісім береді;

5) Кәсіпорынның мүлкін пайдалану туралы, оның ішінде оны кепілге, жалға алуға, өтеусіз пайдалануға және сенімгерлікпен басқаруға беру туралы шешімдер қабылдайды;

6) Кәсіпорын мүлкін есепке алуды ұйымдастырады, оны тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді;

7) Кәсіпорынның мүлкін пайдалануға және сақтауға бақылауды қамтамасыз етеді;

8) жыл сайын Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін белгілейді;

9) кәсіпорынның Директорының, оның орынбасарларының, бас (аға) бухгалтерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін, оларға сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін белгілейді;

10) Осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

18. «Талдықорған қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі» мемлекеттік мекемесі:

1) Кәсіпорынның бюджетінен қаржыландырылатын қызметінің басым бағыттарын және міндетті жұмыс (қызметтер) көлемін анықтайды;

2) Кәсіпорындардың даму жоспарларын және оларды орындау жөніндегі есептерін қарайды, келіседі және бекітеді;

3) Кәсіпорынның даму жоспарларының орындалуын бақылауды және талдауды жүзеге асырады;

19. Кәсіпорынның директоры оның органы болып табылады.

21. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 2 ақпандағы №70 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік кәсіпорын басшысын аттестаттауды тағайындау және өткізу, сондай-ақ оның кандидатурасын келісу қағидаларының» 3-тарауында көзделгендей Комиссияның оң шешімін алған Конкурсқа қатысушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес Талдықорған қаласының әкімінің қызметке тағайындау туралы өкімі шығарылады, және онымен кәсіпорын директоры таныстырылады.

21. «Талдықорған қаласының әкімдігі Кәсіпорынның директорымен еңбек катынастарын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасасу арқылы ресімдейді.

22. Шарт кемінде 1 (бір) жыл және тараптардың келісуімен айқындалатын «5» (бес) жылдан аспайтын мерзімге жасалады. Қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін шарт тараптардың келісуі бойынша ұзартылады немесе 1 (бір-ақ) рет жаңа мерзімге жасалады.

Қайта жасалған шарттың мерзімі өткеннен кейін бұрын кәсіпорын Директоры лауазымын атқарған адам осы Қағидалардың 13-тармағында белгіленген тәртіппен конкурстық негізде кәсіпорын директоры лауазымына кандидатураларды іріктеуге қатыса алады.

23. Кәсіпорынның Директоры дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және егер «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – Заң) және Кәсіпорынның жарғысында өзгеше көзделмесе, Кәсіпорын қызметінің

10. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес филиалдар мен өкілдіктер құра алады.

11. Кәсіпорынмен жасалатын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті түрде мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен өзгеше белгіленбесе, тіркелген сәттен бастап жасалынған деп есептеледі.

3-тарау. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары

12. Кәсіпорын қызметінің мәні Талдықорған қаласы аумағын жылу энергиясымен қамтамасыз ету болып табылады.

13. Кәсіпорын қызметінің мақсаты Талдықорған қаласының мекемелері мен ұйымдарын, кәсіпорындары мен тұрғындарын ыстық сумен, жылу энергиясымен қамтамасыз ету болып табылады.

14. Кәсіпорын қойылған мақсаттарын іске асыру үшін қызметтің мынадай түрлерін жүзеге асырады:

- «Дербес қазандықтардың жылу энергиясын өндіру»;
- «Жылу энергиясын беру және тарату»;
- «Су тартқыштарды қосқанда, магистралды және басқа да құбырларды пайдалану», ішкі класс:
 - су тартқыштарды қосқанда, магистралды және басқа да құбырларға техникалық қызмет көрсету, техникалық диагностикалау, жөндеу және оперативті-диспетчерлік басқару;
 - желілік бөліктің және бірыңғай технологиялық процеске біріктірілген құрылғылардың жабдықтарын, құрылыстармен және басқа да ғимараттарды жөндеу және техникалық қызмет көрсету;
 - магистралды құбырларды жолшыбай тазалау бойынша қызметтер;
 - қазандықтарға, жылу, электр, су құбыры-кәріз желілеріне және үйшілік инженерлік жүйелерге қызмет көрсету, құрылыс-монтаждау жұмыстары, пайдалануға беру, күрделі, профилактикалық және ағымдағы жөндеу;
 - жобалау-іздістіру жұмыстары;
 - Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де қызмет түрлері.

15. Кәсіпорын осы Жарғыда бекітілген оның қызметінің мәні мен мақсатына сай емес қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелерді жасауға құқылы емес.

16. Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайшы не оның директорының жарғылық құзыретін бұза отырып, жасаған мәмілесі «Талдықорған қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі» мемлекеттік мекемесінің немесе мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның жергілікті атқарушы органның, не прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

4-тарау. Кәсіпорынды басқару

17. Талдықорған қаласы әкімдігі:

1) Кәсіпорындарды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешімдер қабылдайды;

барлық мәселелерін Заңмен және осы Жарғымен айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

24. Директор:

1) Кәсіпорынның атынан сенімхатсыз әрекет етеді және оның мүдделерін барлық органдарда білдіреді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген шектерде Кәсіпорынның мүлкіне билік етеді;

3) шарттар жасасады және өзге де мәмілелер жасайды;

4) сенімхаттар береді;

5) банктік шоттар ашады;

6) Кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

7) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Кәсіпорынның қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шарттарын бұзады, көтермелеу шараларын қолданады және егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен өзгеше көзделмесе оларды жазаға тартады.

8) өзінің орынбасарларын қызметке тағайындау және қызметтен босату үшін тиісті саланың уәкілетті органына (жергілікті атқарушы органға немесе жергілікті қоғамдастық жиналысымен келісу бойынша аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппаратына) кандидатуралар ұсынады;

9) өзінің орынбасарлары мен Кәсіпорынның басқа да басшы қызметкерлерінің құзыретін белгілейді;

10) мыналарға:

таза кірістің белгіленген бөлігі уақтылы бюджетке аударылмағаны үшін;

Кәсіпорынның даму жоспарын іске асырудың нәтижелілігі және тиімділігі үшін жауаптылықта болады;

10-1) Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметі және мүлкінің сақталуы үшін дербес жауаптылықта болады;

11) оған Қазақстан Республикасы заңнамасымен, жүктелген басқа да функцияларды жүзеге асырады.

25. Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамалық актісінде белгіленген тәртіппен Кәсіпорын банкрот деп танылған немесе оңалту рәсімі қолданылған және уақытша не банкроттықты немесе оңалтуды басқарушы тағайындалған жағдайларда, оны басқару бойынша барлық өкілеттіктер тиісінше уақытша не банкроттықты немесе оңалтуды басқарушыға өтеді.

5-тарау. Кәсіпорынның мүлкі

26. Кәсіпорынның мүлкін, құны оның теңгерімінде көрсетілетін Кәсіпорынның активтері құрайды.

27. Кәсіпорынның мүлкі бөлінбейтін болып табылады және салымдар (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері, пайлар) бойынша, оның ішінде Кәсіпорын қызметкерлерінің арасында бөлуге болмайды.

28. Кәсіпорынның мүлкі:

1) оған меншік иесі берген мүліктің;

2) өз қызметінің нәтижесінде сатып алынған мүліктің (ақшалай табыстарды қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаражат көздерінің есебінен қалыптастырылады.

29. Кәсіпорынның жүргізуінде тек оның жарғылық мақсаттарымен көзделген қызметін қамтамасыз ету үшін оған қажетті, не осы қызметтің өнімі болып табылатын мүлкі болуы мүмкін.

30. Шаруашылық жүргізу құқығын алу және тоқтату, егер осы бапта өзгеше көзделмесе немесе аталған заттық құқықтың табиғатына қайшы келмесе, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншік құқығын және өзге де заттық құқықты алу мен тоқтату үшін көзделген талаптарда және тәртіппен жүзеге асырылады.

31. Шаруашылық жүргізудегі мүлікті пайдаланудың жемістері, өнімі мен кірістері, сондай-ақ Кәсіпорын шарттар немесе өзге де негіздер бойынша алған мүлік Қазақстан Республикасының заңнамасында меншік құқығын алу үшін белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның шаруашылық жүргізуіне түседі.

32. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе меншік иесінің шешімімен өзгеше белгіленбесе, мүлікке шаруашылық жүргізу құқығы, оған қатысты меншік иесі оны Кәсіпорынға бекіту туралы шешім қабылдаған, Кәсіпорында мүлікті өз теңгеріміне бекіткен сәтінде туындайды.

33. Кәсіпорынның негізгі құралдарға жататын мүлікті сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту шарттары негізінде иеліктен айыруға құқығы жоқ.

34. Кәсіпорынның мүлкіне шаруашылық жүргізу құқығы меншік құқығын тоқтату үшін Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 249-бабында көзделген негіздері бойынша және тәртіпте, сондай-ақ Заңның 144, 154, 162 - баптарында көзделген жағдайларда тоқтатылады..

35. Кәсіпорын мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның немесе жергілікті атқарушы органның жазбаша келісімімен «Талдықорған қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі» мемлекеттік мекемесінің ұсынуы бойынша мыналарға:

- 1) филиалдар, өкілдіктер құруға;
- 2) оған тиесілі акционерлік қоғамдардың акцияларына билік етуге;
- 3) үшінші тұлғалардың міндеттемелері бойынша кепілгерлік немесе кепілдік беруге құқылы.

Кәсіпорын дебиторлық берешекті тиісті саланың уәкілетті органының немесе Талдықорған қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі» мемлекеттік мекемесінің келісімімен ғана беруге және есептен шығаруға, қарыз беруге құқылы.

36. Кәсіпорын осы Жарғының 33-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның жазбаша келісімімен ғана негізгі құралдарға жататын, өзіне бекітіліп берілген мүлікті иеліктен шығаруға немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуге құқылы.

37. Кәсіпорын дебиторлық берешекті тиісті саланың уәкілетті органының немесе «Талдықорған қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі» мемлекеттік мекемесінің жазбаша келісімімен беруге және есептен шығаруға, қарыздар беруге құқылы.

38. Кәсіпорын оған шаруашылық жүргізу құқығында бекітілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

39. Егер Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі немесе меншік иесі өзгеше белгіленбесе, осы Жарғының 35 және 38 - тармақтарында көрсетілген

2

мүлікпен жасалған мәмілелерден алынған ақшаны Кәсіпорын (шаруашылық жүргізу құқығында) дербес пайдаланады.

6-тарау. Кәсіпорынның қызметін қаржыландыру

40. Кәсіпорынның қызметі өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады..

41. Кәсіпорындар таза табыстың бір бөлігін тиісті бюджетке аударуды корпоративтік табыс салығы бойынша декларация тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді..

42. Кәсіпорын өзі өндірген өнімді дербес өткізеді.

43. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, Кәсіпорынның жарғысында көзделмеген, қызметті жүзеге асырудан осы кәсіпорын алған табыстар, сондай-ақ бюджеттен қаржыландыру есебінен құралған, сатылатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) белгіленген бағаларын көтеру нәтижесінде алынған табыстар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен бюджетке алып қоюға жатады. Мүлікті бухгалтерлік есеп қағидалары бойынша тиісті түрде көрсетпей пайдалану фактілері анықталған жағдайда, ол да алып қоюға жатады.

7-тарау. Кәсіпорынның жарғылық капиталы

44. Кәсіпорынның жарғылық капиталының мөлшері шаруашылық жүргізу құқығындағы 16 088 973 443 (он алты миллиард сексен сегіз миллион тоғызжүз жепіс үш мың төрт жүз қырк үш) теңгені құрайды.

Жарғылық капиталды меншік иесі (құрылтайшы) Кәсіпорынның мемлекеттік тіркелуі кезіне толық қалыптастыруы тиіс.

45. Кәсіпорынның жарғылық капиталы меншік иесінен жарғылық қызметті жүзеге асыру үшін басқаруға алынған мүліктен қалыптасады.

8-тарау. Кәсіпорынның есепке алуы мен есептілігі

46. Кәсіпорынның бухгалтерлік есепін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына және Талдықорған қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі» мемлекеттік мекемесінің келісім бойынша қаржылық есептіліктің халықаралық стандартына (шаруашылық жүргізу құқығындағы), шағын және орта бизнестің халықаралық стандартына немесе қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына (жедел басқару құқығындағы) сәйкес Кәсіпорынның Директоры бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады..

47. Кәсіпорынның жылдық қаржылық есеп беруі бухгалтерлік теңгерімді, табыстар мен шығындар туралы есепті, ақша қозғалысы туралы есепті, өз капиталындағы өзгерістер туралы есепті, түсіндірме жазбаны қамтиды.

9-тарау. Кәсіпорынның жауапкершілігі

48. Шаруашылық жүргізу құқығындағы Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлікпен жауап береді және мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

49. Мемлекет құрылтайшының, мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның немесе «Талдықорған қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі» мемлекеттік мекемесінің іс-әрекеттерінен туындаған банкроттық жағдай болса. Бұл жағдайларда мемлекет шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның қаражаты кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру үшін жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша жауап береді

10-тарау. Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу

50. Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін жыл сайын Талдықорған қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі» мемлекеттік мекемесі белгілейді..

51. Еңбекақы төлеу нысандарын, штат кестесін, лауазымдық айлықақылар мөлшерін, сыйлықақы беру және өзге сыйақы жүйесін белгіленген еңбекке ақы төлеу қорының шегінде Кәсіпорын айқындайды.

52. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның Директорының, оның орынбасарларының, бас (аға) бухгалтерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін, оларға сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін «Талдықорған қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі» мемлекеттік мекемесі белгілейді.

11-тарау. Еңбек ұжымымен өзара қатынас

53. Кәсіпорынның әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес айқындалады.

54. Кәсіпорынның жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі қағидасына сәйкес белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

12-тарау. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату

55. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасы Үкіметі және Талдықорған қаласы әкімдігінің шешімі бойынша жүргізіледі.

56. Коммуналдық Кәсіпорынды қайта ұйымдастыруды және таратуды «Талдықорған қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі» мемлекеттік мекемесі жүзеге асырады.

57. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның мүлкін мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы орган қайта бөледі.

58. Кредит берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның ақшасы, Кәсіпорынның мүлкін сату нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, тиісті бюджеттің табысына есептеледі.

13-тарау. Жаргыга өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

59. Кәсіпорынның Жаргысына өзгерістер мен толықтырулар Талдықорған қаласы әкімдігінің қаулысымен енгізіледі.

Кәсіпорынның Жаргысына өзгерістер мен толықтырулар «Талдықорған қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі» мемлекеттік мекемесінің ұсынымы бойынша енгізіледі.



Директор

Т.А.Ә.
Т.А.Ә. (болған кезде) қолы

